

Түркістан облысы, Арыс қаласы
Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

Ахмет Байтұрсынұлы

150 жаста

Ахмет Байтұрсынұлы



(1873—1938) —
ақын, әдебиет
зерттеуші ғалым,
түркітанушы,
публицист,
педагог,
аудармашы, қоғам
тәрбиеші.

Тіл мерекесіне арналған іс-шара жоспары

2022-2023 оқу жылы

Ахмет Байтұрсынұлы -150 жаста

Тіл мерекесі – ел мерекесі

Мақсаты: оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттырып, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру

Міндеттері: Қазақстан жерінде тұратын халықтардың салт - дәстүрлері туралы айту, тілге құрмет көрсетуге, оны ықыласпен үйренуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: презентация «Халықтар достығы», акт залын безендіруге арналған заттар, ұлттық киімдер, интерактивті құрылғылар;

Тәрбие сағатының барысы:

1. -жүргізуші: Сәлеметсіздер ме бүгінгі мерекенің қадірлі қонақтары! Бәріміз осы жерде дүниеге келіп, бәріміз осы таңғажайып Қазақстан мемлекетінде тұрамыз, әр алуан тілде сөйлейміз. Себебі Қазақстан көпұлтты мемлекет. Бүгінгі мейрам - тілдер күні!

2. -жүргізуші: Жыл сайын қыркүйектің 22 - сінде Қазақстанда Тілдер күні атап өтіледі. Бұл бүкіл Қазақстан халқының мейрамы.

1. -жүргізуші: Қазақстанда 130 - дан астам ұлттар тұрады. Олардың бәр і өз ана тілдерін сақтап сөйлеседі. Біздің Республикамызда 178 жексенбілік мектеп бар, 23 ұлттық тілдер оқытылады. Бізде неміс, корей, украин тілдерінде газеттер шығады. Солтүстік Қазақстан облысында «Полония» поляктік теледидар трансляциясы, Оңтүстік Қазақстанда өзбек теледидары жұмыс істейді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасында және қазақ радиосында корей, ұйғыр, неміс тілінде бағдарламалар жүреді. Эфирде телерадио бағдарламалары 11 тілде жүреді. Олар: украин, ағылшын, неміс, корей, түрік, өзбек және т. б.

2. жүргізуші. Тіл ұлттың жаны, қаны, рухы. Жансыз нәрсе – өлі нәрсе. Адам тілді ең алғаш анадан үйренеді. Адамның бойындағы бар асыл қасиеттер тіл арқылы келіп, рухани күшке айналады. Рухы күшті адам, халық ешқашан жеңілмейді. Тілін ұмытқан халық өз мәдениетін сақтап отыра алмайды. Тілімізді анамызды құрметтегендей құрметтейік.

1. Қуан далам қуан алтын күн бүгін,

Серпіп таста мұңды дала түндігін.

Тіл туралы заңым енді күшіне,

Паш еткендей кескен жаңа кіндігін.

Ана тілім - ардағымсың киелім,

Саған ғана мен басымды иемін.

Ана тілім – қазақ тілім, дарасың,

Қадірлеймін, шексіз сені сүйемін.

1-кезең Топты таныстыру (11 сынып оқушылары таныстырады)

2-ші кезең «Тапқырлық» “Атаның сөзі – ақылдың көзі” (мақал-мәтелдер жарысы)

1.Тіл тас жарады, тас жармаса ...

2.Жақсы сөз - ...

3.Тіл қылыштан ...

4. Тілден артық ...

5. Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ...

6.Өнер алды - ...

7. Білім кілті - ...

8. Айтылған сөз - ...

9. Басқа пәле - ...

3-ші кезең А. Байтұрсынұлының өмірі , қызметі , шығармашылығы презентация қорғау

4-кезең. «Жарыс» сұраққа жауап беру.

- Мемлекеттік тіліміз қандай және қай жылы қабылданған?

- Үш бәйтерек кім?

- Тіл ғылымының атасы?

- «Білімді» сөзіне антоним?

Қазақ тілінің деңгейі қандай ?

«Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімінің атасы», «Латын әліпбиінің негізін қалаушы», «Тілге құрмет, елге құрмет» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының алға қойған мақсаты: оқушылардың тіл туралы білімдерін жетілдіру, өз тіліне, туған жеріне құрмет көрсетуге баулу және оқушылардың азаматтық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерін, ұлттық рухани санасын, эстетикалық биік талғамын, өмірлік тәжірибесін байытып, тілімізді құрметтеп, аялай білуге тәрбиелеу болмақ.

11 сыныптар аралығында «А. Байтұрсынов және қазақ қоғамы» атты презентация қорғалды. 20 ғасырда азаттық пен бостандық жайында сөз болса алдымен ел мақтанышы, еркін ойлы, өңіріміздің тумасы Ахмет Байтұрсынұлы есімізге түсетіні анық. Іс-шара барысында, Ахаңның өмірі жайында біраз мағұлмат берілді, өз ойымен бөлісті. Сондай-ақ, Байтұрсынұлының саяси қызмет жолы мен қазақ тіліне қосқан үлесі жайында сөз қозғалды.



